

Адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық құқық бұзушылықтан қорғау



Арықбай АҒЫБАЕВ,
заң ғылымының докторы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің профессоры,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Биыл еліміз Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығын атап өтіп жатыр. Конституция – мемлекетіміздің басты заңы, барлық заңдардың негізгі материалдық қайнар көзі және елімізде қабылданған басқа заңдар, заңнамалар, нормативтік құқықтық актілер Конституцияға қайшы келмеуі тиіс. Қазақстан Республикасы Конституциясының ең жоғары заңдық күші бар және ол республиканың бүкіл аумағында тікелей қолданылады (4.2-бап).

Азаматтық, еңбек, әкімшілік, қылмыстық тағы басқа заңдардың негізгі қағидалары мен заңдылық мазмұны Конституцияда тікелей көрініс тапқан. Мысалы, Қазақстан Республикасы Конституциясында қылмыстық заңдарға байланысты көптеген маңызды әрі мәнді құқықтық нормалар тікелей көрсетілген. Өйткені, тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің басты міндеттерінің бірі өз азаматтарының бостандықтары мен заңды құқықтарын барынша қорғау болып

табылады. Қазақстан мемлекеті адам құқықтары жөніндегі халықаралық нормаларды толық қуаттай отырып, оны бұлжытпай жүзеге асыруға толық кепілдік береді. Оның айғағы азаматтардың саяси, еңбек, әлеуметтік және басқа да құқықтарының Қазақстан Республикасының Конституциясында толық, жан-жақты көрініс табуынан байқалады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында «Ең қымбат қазына адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп белгіленген. «Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады» делінген Конституцияның 1, 2-тармағында. Конституцияның II-бөлімі адам және азамат, оның құқығы, бостандығы мен міндеттеріне тікелей арналған. Заңға сәйкес, республиканың кез келген азаматының нәсіліне, ұлтына, тіліне, әлеуметтік тегіне, дінге көзқарасына тағы басқа да белгілеріне қарамастан құқықтар мен бостандықтар теңдігіне кепілдік беріледі (14-баптың 2-тармағы).

Конституцияда адам және азаматтық туралы арнайы тарау бар. Азаматтық құқық пен бостандыққа; саяси құқықтар мен бостандықтарға; экономикалық және әлеуметтік құқықтарға Қазақстан Республикасы Конституциясында ерекше мән беріледі. Конституцияда жария етілген азаматтардың осындай құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қылмыстық заң өзінің басты міндеттерінің бірі деп санайды (1-бап).

Азаматтардың саяси, әлеуметтік және басқа да құқықтарына қарсы қылмыстық жауаптылық нормалары Қылмыстық кодекстің төртінші тарауында көрсетілген. Бұл қылмыстық заң нормалары азаматтардың конституциялық осы құқықтары мен бостандықтарын қорғауда аса маңызды рөл атқарады.

Саяси құқықтар мен бостандықтарға қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар

Қылмыстық құқықбұзушылықтың тікелей объектісі Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабының 1-тармағында көрсетілген тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар

бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды деген қағида болып табылады.

Қылмыстық құқықбұзушылықтың қосымша тікелей объектісі адамдардың денсаулығы немесе бостандығы болуы мүмкін. Қылмыстық құқықбұзушылықтың жәбірленушісі конституциялық тең құқықтылығы заңсыз бұзылған Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Конституцияда, Заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ, міндеттер атқарады (12-баптың 4-тармағы).

Қылмыстық құқықбұзушылықтың құрамы формальдық. Ол осы заңда белгіленген тең құқықтылықтар мен бостандықтарды тікелей немесе жанама шектеу орын алған уақыттан бастап аяқталған деп танылады. Субъективтік жағынан алғанда аталған қылмыстық құқықбұзушылық тек тікелей қасақаналықпен істеледі. Кінәлі адам азаматтық (адамның) конституциялық тең құқықтарын бұзатынын сезеді және де заңда (145-баптың 1-тармағы) көрсетілген белгілер бойынша оны жүзеге асыруды тілейді. Қылмыстық ниет адамның құқығын ұлтына, тіліне, дініне немесе басқадай белгілеріне байланысты олардың конституциялық теңқұқықтылығын бұзу болып табылады.

Қылмыстық құқықбұзушылық субъектісі 16-ға толған кез келген адам. Адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып немесе қоғамдық бірлестіктің жетекшісі осы әрекеттерді жасаса, онда олар осы қылмыстың ауырлататын түрі бойынша жауаптылыққа тартылады (ҚК-тің 145-бабының 2-тармағы). Көрсетілген ауырлататын қылмыс құрамының субъектісі – арнаулы (лауазымды адам немесе қоғамдық бірлестіктің жетекшісі). Олардың түсінігі ҚК-тің – 3-бабының 26 және 21 тармақшаларында берілген.

Сайлау құқығын жүзеге асыруға немесе комиссияларының жұмысына кедергі жасау (150-бап).

Азаматтардың ең маңызды саяси құқықтарының бірі олардың сайлау құқығын жүзеге асыруы болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша Парламент Мәжілісінің депутаттарын, Президентті, жергілікті өкілетті органдар депутаттарын сайлау жалпыға бірдей, тең төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі. Сайлауға, сайлануға, республикалық референдумға тек қана сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған азаматтар, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырғандар ғана қатыспайды. Сайлауда дауыс жасырын беріледі. Республика Конституциясы бойынша сайлаушылардың өз еркін білдіруіне бақылау жасауға жол берілмейді. Мұндай әрекеттер Заң бойынша, оның ішінде қылмыстық құқықтық нормалар арқылы да жазаланады (ҚК-тің 150-бабы).

Қылмыстық құқықбұзушылықтың тікелей объектісі азаматтардың сайлау құқығын дұрыс жүзеге асыруын немесе сайлау комиссиясының жұмысы-

на кедергісіз қатысуын реттейтін қоғамдық қатынастар. Қылмыстық құқықбұзушылықтың объективтік жағынан алғанда сайлаушының өзінің сайлау құқығын немесе референдумға қатысу құқығын еркін жүзеге асыруына кедергі жасау, сондай-ақ, сайлау комиссия жұмысына заңсыз араласу және дауыс беруге, партиялық тізім кандидаттарын тіркеуге, дауыстарды санауға және сайлаудағы немесе референдумдағы дауыс беру нәтижелерін анықтауға байланысты міндеттерін атқаруына кедергі жасау арқылы жүзеге асырылады. Мысалы: сайлаушыларды сайлауға, референдумға қатысуға жібермеу, сайлау өтетін орынды жасыру, тұрғындарға сайлау немесе референдум туралы ойдан шығарылған мәліметтер таратып, оларды өткізу жөніндегі комиссиялардың қызметіне түрлі кедергілер жасау, депутаттыққа кандидаттарды ұсынуға жол бермеу, дауыс беруге, оның нәтижелерін анықтауға әртүрлі кедергі келтіріп, ақпарат құралдарына ол жөнінде жалған мәліметтер беруге тырысу.

Қылмыстық құқықбұзушылық субъективтік жағынан тек тікелей қасақаналықпен істеледі. Қылмыстық ниет сан алуан болуы мүмкін, оның осы қылмысты саралауға әсері болмайды. Сайлаушыға сайлауға немесе референдумға қатыспауға, сайлау немесе референдум комиссиясы мүшесіне немесе өзге де адамдарға сайлау комиссиясының жұмысына кедергі келтіруге байланысты мүліктік немесе басқадай сыйақы беру немесе соны беремін деп уәде беру сатып алу деп танылады.

Депутаттыққа кандидаттар жөнінде жалған мәлімдеме тарату, сайлау немесе референдум өтетін жерді басқаша хабарлау, сайлау немесе референдум комиссиясы орналасқан жерге шабуыл жасалуы мүмкін деген сөз тарату, алдау арқылы сайлау құқығын жүзеге асыруға немесе сайлау комиссиясының жұмысына кедергі жасау деп танылады. Күш қолдану деп жәбірленушіге қол тигізіп, ұрып-соғып, денесіне жарақат салып, өз айтқанына еріксіз көндіріп сайлауға қатысудан бас тартқызу немесе сайлау комиссиясының жұмысына кедергі келтірулерді айтамыз.

Адамның өзінің лауазымдық немесе қызмет бабын пайдалана отырып жасаған әрекеттерінің түсінігі Қылмыстық кодекстің 3-бабының 26-тармағында берілген. Адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша немесе ұйымдасқан топпен жасалған қылмыстың түсінігі Қылмыстық кодекстің 3-бабының 24-тармағында көрсетілген.

Сайлау құжаттарын, референдум құжаттарын бұрмалау немесе дауыстарды қате есептеу үшін жауаптылық ҚК-тің 151-бабында көрсетілген.

Сайлаудың нәтижелерін немесе референдум қорытындыларын көпе-көрінеу дұрыс айқындамау – шындыққа сай келмейтін жағдайда кандидатты сайланды немесе сайланбады, сайлау немесе референдум өткізілді немесе өткізілмей қалды деп ресми түрде жариялаулар жатады. Дауыс беру құпиялығын бұзуға: сайлаушының дауыс беру бюллетенін арнаулы бөлмеде толтыруына кедергі жасау; сайлауды, референдумды арнаулы жабдықталмаған кабиналарда өткізу; дауыс беру-

шіні анықтау үшін сайлау бюллетеніне белгі қою; тағы сол сияқты сайлауды өткізу заңына қайшы әрекеттер жатады. Қылмыс құрамы формальдық. Осы жоғарыда көрсетілген әрекеттердің біреуін істеу қылмыстың аяқталғанын білдіреді.

Егер жоғарыдағы іс-әрекеттер электрондық сайлау жүйесінің белгіленген тәртібін бұзу арқылы жасалса, онда қылмыстық жауаптылық ҚК-тің 151-бабының 2-бөлігі бойынша саналанады.

Жиналыс, митинг, демонстрация, шеру өткізуге, пикет жасауға немесе оларға қатысуға кедергі жасау (155-бап).

Қылмыстық құқықбұзушылық объективтік жағынан жиналыс, митинг, бой көрсету, шеру өткізуге, пикет жасауға немесе оларға қатысуға заңсыз кедергі жасау не оларға қатысуға мәжбүрлеу: 155-бап, 1-бөлігі, егер бұл әрекеттерді лауазымды адам өзінің қызмет бабын пайдаланып не күш қолданып немесе оны қолданамын деп қорқытумен жасауы 155-бап, 2-бөлігі арқылы сипатталады. Жиналыс, митинг, бой көрсету, шеру өткізуге, пикет жасауға немесе оларға қатысуға заңсыз кедергі жасалса ғана қылмыс құрамы орын алады. Мұндай әрекеттерді заңсыз жүзеге асырғанда оларға кедергі келтіру заңға сыйымды, қоғамға пайдалы іс-әрекет деп саналады.

Жиналыс, митинг, шеру өткізу, пикет жасаудың тәртібі арнаулы құқықтық-нормативтік актімен реттеледі. Қылмыстық құқықбұзушылық субъективтік жағынан тек қана тікелей қасақаналықпен істеледі. Қылмыстық құқықбұзушылықтың мақсаты – жиналыс, митинг, бой көрсету, шеру өткізуді, пикет жасауды заңсыз тоқтату, болдырмау немесе осындай әрекеттерге заңсыз қатысуға мәжбүрлеу болып табылады.

Ереуілге қатысуға немесе ереуілге қатысудан бас тартуға мәжбүрлеу – 157-бап.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 24-бабы 3-тармағына сәйкес, заңда белгіленген тәсілдерді қолдана отырып, әркімнің ереуіл жасауға құқылы екендігі көрсетілген. Осыған орай, ереуіл жасауға қатысу әркімнің жеке өз еркі, ал, ереуілге қатысуға немесе ереуілге қатысудан бас тартуға мәжбүрлеу үшін Қылмыстық кодекстің 157-бабы бойынша жауапты болады.

Қылмыстық кодексте бұл бап мүлдем жаңа норма болып табылады. Қылмыстық құқықбұзушылық тікелей объектісі заңмен белгіленген азаматтардың ереуілге қатысу немесе қатысудан бас тарту құқығы. Қылмыстық құқықбұзушылық жәбірленушісі – ереуілге мәжбүрлеу арқылы қатысқан немесе соған қатысудан бас тартқан адам.

Қылмыстық құқықбұзушылық объективтік жағынан адамның өз қызмет бабын пайдаланып не күш көрсету немесе оны қолданамын деп қорқыту арқылы ереуілге қатысуға немесе заңды ереуілге қатысудан бас тартуға мәжбүрлеуі арқылы жүзеге асырылады. Мәжбүрлеудің түсінігі ҚК-тің 155-бабында толық беріледі. Мұндай мәжбүрлеу лауазым адамы немесе

жай адамдардың тарапынан орын алуы мүмкін. Ереуіл өткізу арнаулы нормативтік-құқықтық актімен реттеледі.

Журналистің заңды кәсіби қызметіне кедергі келтіру (158-бап)

Қылмыстық құқықбұзушылықтың тікелей объектісі – сөз бен шығармашылық еркіндігі, қосымша тікелей объект – журналистің заңды құқықтары мен мүдделері. Қазақстан Республикасы Конституциясының 20-бабы 2-тармағына сәйкес, әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар делінген. Баспасөз және бұқаралық ақпарат туралы заңға сәйкес, журналистің заңды кәсіптік қызметіне кедергі келтірулер үшін заңдық, оның ішінде қылмыстық құқықбұзушылық үшін жауаптылық көзделгені көрсетілген.

Осы қылмыстың заты болып – ақпарат мәліметтері жатады. Қылмыстық құқықбұзушылық жәбірленушісі заңды кәсіби қызмет атқаратын кез келген бұқаралық ақпарат құралдарында қызмет істейтін журналист.

Объективтік жағынан қылмыстық құқықбұзушылық журналистің заңды кәсіптік қызметіне оны ақпарат таратуға не оны таратудан бас тартуға мәжбүрлеу арқылы кедергі жасау арқылы жүзеге асырылады. Бұл жерде қылмыстың мәжбүрлеу тәсілін қолдану арқылы іске асырылатындығы көрсетіліп отыр. Мәжбүрлеуге журналистке немесе оның жақындарына мүліктік зиян келтіремін, олар жөнінде қолайсыз мәліметтер таратамын деген бопсалау әрекеттері жатады. Кінәлі адам осындай мәжбүрлеу амалдарын қолдана отырып журналистің шындыққа сай ақпаратты таратуына кедергі келтіреді. Қылмыстық құқықбұзушылық формальдық құрамға жатады және ол осы мәжбүрлеу әрекеті істелген сәттен бастап, одан нәтиже болғанына немесе болмағанына қарамастан аяқталған деп танылады. Қылмыс субъективтік жағынан тек тікелей қасақаналықпен істеледі. Кінәлі адам журналисті ақпаратты таратуға немесе таратпауға мәжбүрлеп отырғанын сезеді және соны жүзеге асыруды тілейді. Мәжбүрлеу мақсаты – заңның өзінде ақпаратты таратуға немесе таратудан бас тартуға мәжбүрлеу деп көрсетілген.

Адам өз қызмет бабын пайдалана отырып, сондай-ақ, күш қолданып немесе күш қолданамын деп қорқыта отырып жасаған әрекеттер осы қылмыстың ауырлататын түріне жатады (158-баптың 2-тармағы).

Қызмет бабын пайдаланудың түсінігі ҚК-тің 145-бабының 2-тармағында көрсетілген ұғыммен бірдей. Яғни, бұған журналистің бағынышты лауазым адамы оны ақпарат таратуға немесе таратпауға, қызметін пайдаланып мәжбүр етулері жатады. Күш қолдануға немесе оны қолданамын деп қорқытуға өлтіремін, денеге әртүрлі жарақат саламын, ұрып-сабаймын, басқа зорлық әрекеттерін жасаймын, балаңды ұрлаймын, көлігіңді айдап әкетемін деген шындығында жүзеге асатын мәжбүрлеу тәсілдері жатады.